

## Көшеге атау беру туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кенті әкімінің 2016 жылғы 27 шілдедегі № 147 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 тамызда № 5581 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қызылорда облыстық ономастикалық комиссиясының 2016 жылдың 13 сәуірдегі № 2 қорытындысына сәйкес Шиелі кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шиелі ауданы Шиелі кентінің атауы жоқ көшесіне "Руслан Бөлебай" есімі берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Шиелі кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Е.Отызбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Кент әкімі*

*Ғ.Аманжолов*